

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№10

22.05.2026 жыл

«Аралтұз» АҚ мен «Арал Сода» ЖШС-нің Индер көлі кен орнының бір бөлігінде тұз өндіру жұмыстарына байланысты экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері мен аудан тұрғындары «Аралтұз» АҚ мен «Арал Сода» ЖШС-нің Индер көлі кен орнының бір бөлігінде тұз өндіру жұмыстарына байланысты Арал ауданы, Жақсықылыш ауылына барған сапары туралы «Ақиқат» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ғ.Ж.Габдуллиннің, облыстық тиісті басқармаларда өткен кездесу барысы туралы ««Глобус» экологиялық-құқықтық бастама орталығы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Г.Х.Чернованың хабарламаларын талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына ұсыныс:

1) 2026 жылғы 29 сәуірдегі және 4 мамырдағы қоғамдық тыңдаулардың заңдылығына қайта құқықтық және рәсімдік талдау жүргізу;

2) Қоғамдық тыңдаулардың лицензия аумағының толық көлемін қамту мәселесін қайта қарау;

3) Қоғамдық тыңдауларды өткізу және қоғамдық пікірді ескеру қағидаларының сақталуына, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) рәсімі талаптарының орындалуына тексеру жүргізу;

4) Индер көліндегі тұз қорының қалыптасуын зерттеу материалдарына, жиналған тұз қорының көлеміне, өнеркәсіптік игеруге жол берілетін мөлшеріне, тұз өндірудің баламалы әдістерін қарастыруға және өзге де мәселелерге қатысты толық әрі шынайы құжаттаманың ұсынылуын қамтамасыз ету;

5) Индер көлінде тұз өндіру мәселесі бойынша халықтың қарсылығы мен қоғамдық пікірді ескере отырып, Индер көліне республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының ерекше қорғалатын объектісі мәртебесін қайтару мәселесін қарастыру.

2. Атырау облысының экология департаментіне ұсыныс:

1) «Аралтұз» АҚ мен «Арал Сода» ЖШС-нің Индер көлі аумағында тұз өндіру жобалары бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалаудың (ҚОӘБ) толыққанды рәсімін жүргізуді қамтамасыз ету;

2) Индер көлінің экологиялық, гидрологиялық және биологиялық ерекшеліктеріне кешенді ғылыми зерттеу ұйымдастыру;

3) «Аралтұз» АҚ мен «Арал Сода» ЖШС жобаларының жиынтық (кумулятивтік) әсеріне тәуелсіз экологиялық сараптама жүргізу;

4) Жоғары жылдамдықтағы желдер мен климаттық сипаттамалардың өзгеруін ескере отырып, аталған жобалардың әсер ету аймағын нақтылау және тұзды шаңның таралу қаупіне байланысты қосымша зерттеулер жүргізу;

5) Экологиялық қауіпсіздік толық расталғанға дейін Индер көлінде тұз өндіру бойынша «Аралтұз» АҚ мен «Арал Сода» ЖШС ұсынған жобаларға оң қорытынды бермеу.

3. Атырау облысының прокуратурасына ұсыныс:

1) Индер көлі аумағында берілген лицензиялардың заңдылығына құқықтық баға беру (№1638-EL, №1251-EL);

2) Индер көлінің ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесі қолданылған кезеңде «Аралтұз» АҚ мен «Арал Сода» ЖШС-не лицензиялар берілу фактілеріне тексеру жүргізу;

3) «Аралтұз» АҚ мен «Арал Сода» ЖШС жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде экологиялық заңнама талаптарының сақталуын тексеру;

4) Заң бұзушылықтар анықталған жағдайда тиісті шаралар қабылдау.

4. Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясына ұсыныс:

1) Индер көліндегі тұз өндіру жұмыстарының су ресурстарына ықтимал әсерін зерттеу;

2) Жер асты және жерүсті суларының тұздану қаупіне мониторинг жүргізу;

3) Жайық өзені бассейніне ықтимал экологиялық әсерлер бойынша қорытынды әзірлеу;

4) Су қауіпсіздігі мәселелері бойынша тұрақты бақылау орнату.

5. Индер ауданы әкімдігіне ұсыныс:

1) Индер көлінің туристік және шипалық әлеуетін дамыту бойынша арнайы бағдарлама әзірлеу;

2) Индер көлін экотуризм және емдік-сауықтыру бағытына бейімдеу мүмкіндігін қарастыру;

3) Аудан тұрғындарының пікірін ескере отырып, қоғамдық диалог алаңдарын ұйымдастыру;

4) Индер көлінің табиғи экожүйесін сақтау бойынша өңірлік деңгейде шаралар қабылдау.

6. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Қазақстан Халық партиясының» депутаты М.М.Магеррамовқа ұсыныс:

1) Индер көліне қатысты экологиялық және құқықтық мәселелерді республикалық деңгейде қарастыру;


2) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнаманың сақталуына парламенттік бақылау жүргізу;

3) Индер көлінің экологиялық мәртебесіне қатысты уәкілетті органдардың әрекеттеріне талдау жасау;

4) Экологиялық маңызы жоғары нысандарға қатысты заңнаманы күшейту мәселесін қарастыру.

5) Индер көлінде тұз өндірілуіне халықтың қарсылығы мен қоғамдық пікірді ескере отырып, Индер көліне ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін қайта беру мәселесін көтеру.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



Ж.Дауталиев